

**А. Қ. Тәшібаева, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ҒЗИ аға ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының кандидаты**

## **ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУГЕ ҚАТЫСУШЫ ӨЗГЕ АДАМДАРДЫҢ ТҮСІНІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕСІ**

*Аннотация. Мақалада қылмыстық іске қатысушылардың түсінігі мен жүйесі анықталған.*

*Түйін сөздер: өзге іс жүргізуге қатысушылар, қылмыстық іс жүргізу, медиатор, куәгер, сарапшы, куә, аудармашы, маман, сот мәжілісінің хатшысы, сот приставы.*

Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның бостандығы, құқықтары және өмірі мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп жарияланған. Сондықтан адамның өміріне, құқықтарына, бостандығына қол сұғуға тыйым салатын құқықтық негіз қалыптасқан.

Қазақстан Республикасының Конституциясында көрініс тапқан бұл ереже ҚР ҚІЖК-де әрі қарай дамытылып, өз жалғасын тапты. Осыған байланысты қылмыстық іс жүргізуге қатысушы адамдардың құқығын жүзеге асыру механизмі де бірнеше өзгеріске ұшырады.

Қылмыстық іс жүргізу — қылмыстық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелетін құқықтық іс-әрекет. Бұл әрекетке қатысатын тиісті субъектілер бар.

Қылмыстық сот ісін жүргізу саласында адам мен азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау маңызды міндет болып табылады және ол тек қылмыскерге ғана емес, жәбірленушіге және өзге де адамдарға қатысты.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы өзге адамдардың тізімі Қазақстан Республикасының 2015 жылдың бірінші қаңтарында заңды күшіне енетін ҚІЖК 10-тарауында берілген (78-85 баптар). Бұл адамдар қылмыстық іс жүргізуге мемлекеттік органдармен, лауазымды тұлғалармен бірлесе отырып үйлесімді жұмыс істеуі үшін тартылады. ҚР ҚІЖК заңнамасында куәнің иммунитет қағидасы көрініс тапқан. Қылмыстық іс жүргізуде сот приставы және медиатор деп аталатын жаңа қатысушылар пайда болды. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы маман — қылмыстық іс жүргізуші тұлғаға дәлелдеме жинауға, зерттеуге және бағалауға жәрдемдесу сияқты, заңда көрсетілген жағдайда қорытынды беретін функцияны иеленеді. Іс жүргізуге қатысушылардың құқықтық аясы кеңейтіліп, куәгердің іске қатысуының процессуалдық тәртібі өзгертілді.

ҚР ҚІЖК нормаларына талдау жасай отырып, мынадай қорытындыға келуге болады. Іс жүргізуге қатысушы өзге де адамдарды атағанда олардың кейбіреулерінің процессуалдық мәртебесі толық ашылмағандығын, сол себепті қосымша талқылауды қажет ететіндігін көреміз. Заңның біршама ережелері пікірталас (дау) тудырса, келесілері әрі қарай зерттеуді талап етеді.

Бұл мақалада қылмыстық іс жүргізуге қатысушы өзге де адамдардың құқықтық мәртебесін анықтап, олардың құқықтарына, міндеттеріне және жауапкершіліктеріне байланысты мәселелер шешуін табады. Қылмыстық іс жүргізуде куә мен сарапшы маңызды тұлға болып табылады, себебі олардан алынған ақпараттар сотқа дейінгі іс жүргізуде және сотта дәлелдеме ретінде қолданылады. Маман, аудармашы, куә, сот мәжілісінің хатшысы, сот приставы сияқты іс жүргізуге қатысушылар қылмыстық іс жүргізуде көмекші қызметтер атқарады.

## Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы өзге адамдардың түсінігі және жүйесі

Қылмыстық іс жүргізу — қылмыстық іс жүргізу заңының ережелерімен реттелетін құқықтық қызмет. Бұл қызметті ҚР ҚДЖК-де көрсетілген тұлғалар жүзеге асырады.

Сот, судья, прокурор, тергеуші және анықтау органдары мемлекетіміздің құқық қорғау органдары жүйесін құрайды және «қылмыстық іс жүргізу» деп аталатын қызметті жүзеге асырады. Олар өздерінің құқық қолдану актілерімен «қылмыстық іс жүргізу» деп аталатын қызмет түрін жүзеге асырып, қылмыстық іс жүргізу қызметі субъектілерінің бір бөлігін құрайды<sup>1</sup>.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар деп қылмыстық істі тексеру мен тергеуге белсенді қатысатын, процессуалдық құқықтармен кеңінен қамтамасыз етілген, өзінің немесе өзіне өкілдік ретінде берілген құқықтары мен заңды мүдделерін қорғайтын, сондай-ақ көмекші қызмет атқаратын адамдар мен органдарды айтамыз.

Қылмыстық іс жүргізу қызметіне арналған әдебиеттерде іс жүргізуге қатысушылар туралы, олардың түсінігі, жүйесі, мәні туралы мәселе кейінге қалып келеді.

М. М. Михенконың пікірі бойынша қылмыстық іс жүргізу қызметіне қатысушылар екі топқа бөлінеді: іс жүргізуге қатысушылар және іс жүргізу субъектілері. Субъектілер — қылмыстық сот ісін жүзеге асыратын лауазымды тұлғалар мен органдар, ал барлық басқа адамдар — іс жүргізуге қатысушылар. Профессор Л. Д. Кокоревтің пікірі бойынша «субъектілер» және «қатысушылар» терминдері тең мағыналы түсініктер, бірақ қылмыстық іс жүргізу үшін «қатысушылар» термині сай келеді. Оның айтуы бойынша қылмыстық іс жүргізу қатысушыларына заңға сәйкес қылмыстық іс жүргізуге қатыса алатын, оларға заңмен берілген құқықтырды жүзеге асыра алатын және міндеттерді орындайтын жеке азаматтар және лауазымды адамдар жатады.

«Субъектілер» (латын тілінен *subjectum*) — бір нәрсені өндіретін қатысушы деген мағынаны білдіреді.

Қылмыстық іс жүргізу субъектісі бұл қылмыстық іс жүргізу құқықтарына ие болатын және процессуалдық міндеттемелерді орындайтын, өз құқықтары мен міндеттемелерді орындау барысында басқа субъектілермен қылмыстық іс жүргізу қатынастарға түсетін тұлға<sup>2</sup>.

Іс жүргізу субъектілері мен қатысушыларына бөлу үрдісі жасанды сипатқа ие деп айтудың негізі бар, өйткені құқықтық қатынастың кез келген қатысушысы жиынтық құқықтар мен міндеттемелерге ие болады.

Олардың арасындағы айырмашылықтар осы құқықтар мен міндеттердің сипаты мен бағытында болады. ҚР ҚДЖК-не сәйкес қылмыстық іс жүргізуге қатыстырылған тұлғалар бір түсінікпен іс жүргізудің қатысушылары деп белгіленген.

Іс жүргізуге қатысушылар мәнінің ішкі жағы да даулы мәселе болып табылады. Іс жүргізуге қатысушылар санатына жататын тұлғалар шенберін анықтау мәселесіне түрлі ғылыми мектептер түрлі көзқарастарды қолдайды. Олардың ішінде басты үш көзқарас бар:

Бірінші көзқарасқа сәйкес мүдденің бар жоғына қарамастан, іске қандай да қатысы бар кез келген тұлғалар іс жүргізуге қатысушылар болып табылады. Бұндай позицияны В. П. Божьев қолдайды<sup>3</sup>.

Екінші көзқарас, істің барысында мүддені білдіруші немесе қорғаушы адамдар.

Үшінші позиция, қылмыстық сот өндірісінде іс жүргізуге қатысушылары санатын жоққа шығарумен байланысты. Оның жақтаушысы А. А. Альперттің пікірінше, «түрлі міндеттері мен құқықтары бар іс жүргізуге қатысатын барлық тұлғаларды «қатысушылар» деген бір түсінікке біріктіру мүмкін емес»<sup>4</sup>.

### ***Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы өзге адамдардың түсінігі және жүйесі***

ҚР ҚІЖК-нің нормаларына қарайтын болсақ, қылмыстық сот өндірісі қатысушыларының белгілеріне жататын тұлғалардың толық тізімі берілмегендігін көреміз.

Мысалы, ҚР ҚІЖК 7-бабының 25-бөлігіне сәйкес «процеске қатысушылар» — қылмыстық ізге түсуді және сотта айыптауды қолдауды жүзеге асыратын органдар мен адамдар, сондай-ақ, қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде өздерінің немесе өздері білдіретін құқықтар мен мүдделерді қорғайтын адамдар: прокурор (мемлекеттік айыптаушы), тергеуші, анықтау органы, анықтаушы, сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер, жәбірленуші, жеке айыптаушы олардың заңды өкілдері мен өкілдері. Осы анықтамамен қатар ҚР ҚІЖК 7-бабының 24-тармағы қылмыстық процеске қатысушы өзге де адамдар (сот отырысының хатшысы, аудармашы, куә, куәгер, сарапшы, маман, сот приставы, медиатор) тізімін береді.

ҚР ҚІЖК 2-тарауы іс бойынша төрелік ететін соттың, тергеу бөлімі бастығының, анықтау органы бастығының және басқалардың қызметін реттейді, ол ҚР ҚІЖК 7-бабының 24-және 25-тармақтарында көрсетілген іс жүргізуге қатысушылар шеңберінен әлдеқайда кең.

Сонымен, біз ҚР ҚІЖК нормалары процеске қатысушылардың тізімі берілген бөлімдерінде бір-біріне сәйкес келмейтінін көреміз.

Айтылғаннан келесі қорытынды шығарылады: кез келген субъект немесе орган қылмыстық іс жүргізуге қатысушысы ретінде танылуы үшін ол заңда көрсетілуге тиісті.

Егер тұлға немесе орган ҚР ҚІЖК де көрсетілмесе, онда қылмыстық іс жүргізу қызметінің қатысушысы бола алмайды.

Қылмыстық іс жүргізу органын немесе тұлғаға белгілі бір функцияларды иелендіру. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы әрбір адамға белгілі бір міндеттердің жүктелуі тән. Сот сот төрелігін жүзеге асырады, яғни қылмыстық істі қарайды. Тергеуші және анықтау органдары қылмысты анықтайды және ашады. Прокурор алдын ала тергеу органдарының заңдарды орындалуын қадағалайды. Қорғаушы өзінің қорғауға алған адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін заңды шаралар қолданады.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылар деп қылмыстық істерді тергеуге және қарауға өздерінің немесе өздері білдіретін құқықтар мен заңды мүдделерді қорғауы мақсатымен мемлекеттік органдар тартатын немесе қатыстыратын және іс жүргізуге кең құқықтар берілген жеке және заңды тұлғаларды, қылмыстық сот ісін жүргізуге өкілетті лауазымды адамдар мен мемлекеттік органдарды, сондай-ақ қосалқы функциялар атқаратын адамдар мен органдарды айтамыз<sup>5</sup>.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысатын өзге де адамдарға мыналар жатады:

- 1) куәгер;
- 2) маман;
- 3) сарапшы;
- 4) аудармашы;
- 5) куә;
- 6) сот мәжілісінің хатшысы;
- 7) сот приставы;

8) медиатор.

Олардың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы мынандай жағдайлармен сипатталады:

- іс бойынша қандайда бір мүдделерінің болмауы;
- олардың іске ауық-ауық қатысуы<sup>6</sup>.

Қылмыстық іс жүргізуге қатысушыларды жіктеуде өзге адамдар төртінші топты құрайды. Қылмыстық іс жүргізуге қатысушылардың төртінші тобын үш топқа бөлуге болады.

Бірінші топ, дәлелдемелер беру бойынша міндеттемелерді орындайтын іс жүргізуге қатысушылар. Оларға куәгерлер және сарапшылар жатады.

Екінші топ, іс жүргізу амалдарын жүргізуге ықпал ету үшін қатысатын адамдар. Бұл топқа куәлер, аудармашылар, мамандар, сот мәжілісінің хатшысы кіреді.

Үшінші топ, соттың шешімдерін орындауға қатысатын және соған байланысты үкімді орындау сатысында туындайтын мәселелерді шешуге қатысатын ұйымдар мен мекемелер. Бұл топты келесілер құрайды: үкімдер мен қаулылардың іс жүзінде орындалуын жүзеге асыратын әкімшілік өкілдері, сотталушының ауырып қалуымен, мүгедектілігімен байланысты оны босату және өзге де қорытынды берген дәрігерлік комиссияның өкілдері.

### **РЕЗЮМЕ**

В статье рассматриваются понятие и система иных участников уголовного процесса.

### **RESUME**

The article covers the concept and system of the other participants in the criminal process.

- 
- <sup>1</sup> Рыжаков А. П., Сергеев А. И. Субъекты уголовного процесса. Уч. пос. — Тула, 1996. — С. 3.
  - <sup>2</sup> Божьев В. П. Уголовный процесс. — М., 2000. — С. 86.
  - <sup>3</sup> Божьев В. П. Көрсет. жұмыс.
  - <sup>4</sup> Төлеубекова Б. Х. Қылмыстық іс жүргізу құқығы. — Алматы, 1998. — 235-236-б.
  - <sup>5</sup> Төлеубекова Б. Х. Көрсетілген еңбек. 234-б.
  - <sup>6</sup> Оспанов С. Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (общая часть). — Алматы, 2002. — С. 75.